



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

► МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, ағартушысы Абай Құнанбайұлының туған күніне орай Тараз қаласында кемеңгер тұлғаның ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, оның рухани мұрасына тағзым етілді.

ҰЛЫ АҚЫН РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Салтанатты шараға Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров, Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков, облыстық және қалалық мәслихаттардың, қоғамдық кеңестің төрағалары, басқарма басшылары, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері,



үкіметтік емес ұйымдар мен саяси партиялардың өкілдері, жоғары оқу орындарының ректорлары және әдебиетсүйер қауым қатысты.

Жиын барысында Абайдың ұлт руханияты мен қазақ әдебиетінің қалыптасуына қосқан өлшеусіз үлесі, оның шығармаларындағы білім, еңбек, адамгершілік пен елдік құндылықтардың маңызы атап өтілді.

Абай есімін ұлықтау және оның мұрасын дәріптеу бағытында Жамбыл облысында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде өңірде Абай Құнанбайұлының есімімен 1 ауылдық округ, 2 елді мекен, 1 даңғыл, 104 көше мен түйік жол, сондай-ақ 11 білім беру мекемесі, 1 колледж, 1 бастауыш мектеп-гимназия және 1 кітапхана аталады.

«ЖТ»-ақпарат

► ҚАДАҒА

ҚЫРАҒЫ БАҚЫЛАУ – САПАЛЫ ҚҰРЫЛЫС КЕПІЛІ

Қала әкімі Бақытжан Орынбеков шаһардағы бірқатар нысанды аралады

Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков шаһардағы бірқатар нысанды аралады. Әуелі шаһар басшысы «Ұлы дала» (15) шағынауданындағы №31 тұрғын үйдің жағдайымен танысты.

Бұған дейін аталған үйдің тұрғындары кәріз жүйесіне қатысты мәселе көтеріп, тиісті шара қабылдауды сұраған болатын. Шаһар басшысы тұрғындармен тілдесіп, мәселенің мән-жайына қанықты. Кездесу барысында тұрғындар кәріз құбырының жиі бітелуі салдарынан қолайсыздықтар туындайтынын жеткізді.

Бақытжан Орынбеков көпқабатты тұрғын үйдің жертөлесіне түсіп, кәріз жүйесінің қазіргі жағдайын көрді. Жауапты мамандармен бірге құбырлардың жай-күйі, жүйенің жұмыс істеу ерекшеліктері және ақаудың туындау себептері талқыланды.

Сонымен қатар шаһар басшысы тұрғындардың өздеріне де ортақ инфрақұрылымды ұқыпты пайдаланудың маңызын түсіндіріп, кәріз жүйесіне тұрмыстық қатты қалдықтарды, құбырдың бітелуіне себеп болатын өзге де заттарды тастамау қажеттігін атап өтті.

– Бұл мәселені созбалаңға салуға болмайды. Кәріз жүйесінің бітелуіне себеп болып отырған жағдайды анықтап, қажетті жұмыстарды жедел ұйымдастыру қажет. Тұрғындардың қолайлы ортада өмір сүруіне жағдай жасау – басты міндет. Сондықтан жауапты мамандар мәселені бақылауға алып, нақты шешім қабылдауға тиіс, – деген қала әкімі жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді.



Бұдан кейін қала әкімі шаһардағы тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты. Аралау барысында шаһар басшысы құрылыс жұмыстарының межеленген мерзімінен кешігіп жатқанын сынға алды. Осыған байланысты жауапты мекемелерге әрбір нысан бойынша жұмыстардың орындалу барысын тұрақты бақылауда ұстап, мердігерлердің міндеттемелерін сапалы орындауын қамтамасыз ету тапсырылды.

– Қасбеттерді жаңғырту жұмыстары – қала келбетіне тікелей әсер ететін маңызды жобалардың бірі. Сондықтан мұнда жұмыстың уақытында аяқталуы ғана емес, сапалы

орындалуы да басты назарда болуға тиіс. Белгіленген мерзімнен кешігуге жол беруге болмайды. Әрбір нысан бойынша нақты жұмыс кестесі сақталып, мердігерлер өз міндеттемелерін толық орындауы қажет, – деді Б.Орынбеков.

Бүгінде Таразда қаланың сәулеттік келбетін жақсарту бағытындағы жұмыстар кешенді түрде жүзеге асырылуда. Әсіресе, орталық көшелер бойындағы көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы келбетін біріздендіру, ескірген қасбеттерді жаңарту және заманауи архитектуралық талаптарға сәйкестендіру жұмыстарына басымдық берілуде.

2

► САЛА ТЫНЫСЫ



(сурет ЖИі көмегімен жасалған)

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРПІНДІ ЖҰМЫС – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

4-5



САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА



Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман Жамбыл облысына жұмыс сапарымен келді.

Сапар барысында Мұхтар Тілдібекұлы Тараз қаласындағы бірқатар сайлау учаскесінің сайлауға дайындығын тексеріп, учаскелердегі ұйымдастыру жұмыстарының барысымен танысты.

Атап айтқанда, комиссиясы төрағасының орынбасары №58 сайлау учаскесін-

де учаскелік сайлау комиссиясының мүшелерімен кездесіп, сайлау процесін ұйымдастыруға қатысты мәселелерді талқылады. Сондай-ақ сайлау учаскесінің материалдық-техникалық дайындығына, комиссия мүшелерінің әзірлігіне және сайлаушылар үшін қолайлы жағдай жасауға назар аударды.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы

► ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ҚЫРАҒЫ БАҚЫЛАУ – САПАЛЫ ҚҰРЫЛЫС КЕПІЛІ

Қала әкімі Бақытжан Орынбеков шаһардағы бірқатар нысанды аралады

Бірыңғай сәулеттік стиль қалыптастыру мақсатымен орталық көшелер бойындағы тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңарту жобасы қолға алынған. Биыл аталған жоба аясында Ы.Сүлейменов көшесінің бойында орналасқан 9 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттеріне жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жұмыс барысында ғимараттардың сыртқы келбетін жаңарту, қасбеттерді ретке келтіру және сәулеттік тұрғыдан біртұтас көрініс қалыптастыру көзделген.

Бұл жұмыстар – тұрғын үй қорын жаңғырту бойынша қолға алынған ауқымды шаралардың бір бөлігі. Атап айтқанда, 2026 жылы Тараз қаласында 73 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізу жоспарланып отыр. Күрделі жөндеу барысында үйлердің шатырлары, инженерлік желілері, кіреберістері, қасбеттері және басқа да ортақ мүліктері жаңартылады.

Осы күні Бақытжан Орынбеков шаһардағы жол жөндеу жұмыстарын да көрді. Әуелі шаһар бас-

шысы Рысбек батыр көшесіне барды. Қазір мұнда жөндеу жұмыстары толығымен аяқталуға жақын. Ұзындығы 1,9 шақырымды құрайтын жол учаскесінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жолдың ені 8 метрден 12 метрге дейін кеңейтілген. Бұл, өз кезегінде, көлік қозғалысының өткізу қабілетін арттырып, әсіресе, көлік көп шоғырланатын уақытта қозғалысты біршама жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Жолдың техникалық жағдайын жақсартумен қатар, аталған аумақтың сыртқы келбетіне де ерекше көңіл бөлінбек. Атап айтқанда, келер жылы Төле би даңғылынан Рысбек батыр көшесіне дейінгі аралықты көгалдандыру жоспарланып отыр.

Келесі кезекте Бақытжан Әмірбекұлы К.Тұрысов көшесіне аялдады. Биыл аталған көшеде (Т.Рысқұлов көшесі мен Төле би даңғылы аралығы) жолдың жүріс бөлігі мен тротуарға орташа жөндеу жұмыстары жүріп жа-

тыр. Жөнделетін учаскенің жалпы ұзындығы – 1,123 шақырым.

Сонымен қатар шаһар басшысы Қолбасшы Қойгелді көшесінің жаңғырту жұмыстарымен танысты. Бүгінде аталған көшенің Төле би даңғылы мен Қапал көшесіне дейінгі аралығында жөндеу жұмыстары қарқынды жүруде. Жөнделетін жолдың жалпы ұзындығы 3,15 шақырымды құрайды. 2025 жылы басталған құрылысты биыл толықтай аяқтау жоспарлануда.

Аталған көшелерде жол жабынын толық жаңарту, инженерлік желілерді ретке келтіру, жол жиегін абаттандыру және көлік қозғалысын заманауи талаптарға сәйкестендіру жұмыстары қатар атқарылып жатыр. Бұл жобалар аяқталғаннан кейін көлік ағынының өткізу қабілеті артып, жолдардың пайдалану мерзімі ұзарады.

Жалпы, ағымдағы жылға арналған жоспарға сәйкес, қала аумағында ұзындығы 34,7 шақырымды құрайтын 42 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу көзделген.

Сонымен қатар тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы жүріп-тұруы үшін ұзындығы 14,8 шақырымды құрайтын жаңа жаяу жүргіншілер жолдарын салу жоспарланып отыр. Бұл жоба, әсіресе, мектептер, балабақшалар, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй алаптарының маңындағы жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Құрмаш ҚАПТАҒАЙ



► САЛАҒА СЕРПІН

ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры автоматтандырылған жұмыс орны (АРМ ЕГКН) – бұл Қазақстандағы жер қатынастары мен жылжымайтын мүлікті тіркеу жүйесін цифрландыру шеңберінде құрылған, жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) мен уәкілетті мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне арналған ішкі жұмыс платформасы. Ол азаматтардың электрондық үкімет (eGov.kz) немесе Жария кадастрлық карта (ПКК – map.gov4c.kz) арқылы жолдаған өтінімдерін өңдеуді, келісуді және мемлекеттік қызметтерді көрсетуді автоматтандырады.



Жүйенің негізі мақсаты мен функциялары

Бұған дейін жеке жұмыс істеген екі ірі база – Мемлекеттік жер кадастры (АИС ГЗК) мен «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» (ГБД РН) біріктіріліп, бірыңғай ЖМБМК (ЕГКН) жүйесі жасалды. Осы жүйенің мемлекеттік қызметшілерге арналған бөлігі – АРМ ЕГКН келесі міндеттерді орын-

дайды:

- Өтінімдерді қабылдау және өңдеу: Азаматтардың жер телімдерін алу, жалға алу немесе жекешелендіру туралы өтініштерін автоматты түрде қабылдау.
- Ведомствоаралық келісу: Жер теліміне қатысты сұраныстарды басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға (сәулет, су шаруашылығы, коммуналдық

қызметтер және т.б.) электронды форматта жолдап, қорытынды алу.

- Құжаттарды рәсімдеу: Жерді беру туралы Әкімдік қаулыларын, жалдау немесе сатып алу-сату шарттарын электронды түрде дайындау.

- Кадастрлық паспорт жасау: Бұрынғы екі бөлек құжаттың (жер актісі мен техникалық паспорттың) орнына берілетін бірыңғай Кадастрлық паспортты жасау процесін үйлестіру.

АРМ ЕГКН арқылы көрсетілетін негізгі қызметтер

- Платформада жер және мүлік қатынастарына байланысты маңызды мемлекеттік қызметтер толық цифрландырылған:

Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығына сәйкес жер қатынастары саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің бірнеше түрі Жылжымайын мүліктің бірінғай мемлекеттік кадастры автоматтандырылған жұмыс орны (АРМ ЕГКН) арқылы жүргізілуде. Аталған жүйе арқылы келесі қызметтерді онлайн түрде алуға болады

1. «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;
2. «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;
3. «Жер учаскесінің жалдау

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Geologex» ЖШС «Жамбыл облысының Сарысу ауданында орналасқан Жаңатас кен орнының №2 үйіндісінің фосфат-кремнийлі тактатас үйіндісі-техногендік минералдық түзілімді әзірлеуге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» қоршаған ортаға ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы. Қоғамдық тыңдаудың өтетін орны, күні мен уақыты: 2026 жылғы 17 қыркүйекте сағат 11:00-де Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, Бейбітшілік көшесі, №25 мекенжайы бойынша.

ZOOM платформасында онлайн қосылу – конференция идентификаторы: 849 1769 6689, кіру коды: k9hcQM.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Geologex» ЖШС, БСН: 131140015971, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажымұқан көшесі, №22/5 үй. Тел: +7 707 599 10 05.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Еco Jer» ЖШС, БСН: 200640023864, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, №37, 627 офис, тел: 8 (7212) 31-98-76.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен ndbecology.gov.kz порталында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Жергілікті атқарушы орган: «Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: upr.taraz@zhambyl.gov.kz, Тараз қаласы, Абай көшесі, №133 «А», 8 (7262) 45-15-03.

Қосымша ақпаратты ecojer@mail.ru электрондық поштасы арқылы және +7 (7212) 31-98-76 телефоны бойынша алуға болады. (А)

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Geologex» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к «Плану горных работ на разработку техногенного минерального образования-отвала фосфатно-кремнистых сланцев (ФКС) отвала №2 месторождения Жанатас, расположенного в Сарыуском районе Жамбылской области».

Территория воздействия: Жамбылская область, Сарыуский район, г. Жанатас.

Место, дата и время проведения общественных слушаний: 17 сентября 2026 г. в 11:00 по адресу: Жамбылская область, Сарыуский район, г.Жанатас, ул. Бейбітшілік, №25, акимат.

Онлайн-подключение на платформе ZOOM – идентификатор конференции: 849 1769 6689. Код доступа: k9hcQM.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Geologex», БИН 131140015971, г. Алматы, Медеуский район, улица Хаджи Мукана, дом №22/5. Тел: +7 707 599 10 05.

Разработчик проектной документации: ТОО «Еco Jer», БИН 200640023864, г. Караганда, ул. Алиханова, №37, оф. 627, тел: 8 (7212) 31-98-76.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после с опубликованным протоколом общественных слушаний можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания». Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области»: upr.taraz@zhambyl.gov.kz, г. Тараз, ул. Абая №133 «А», 8 (7262) 45-15-03.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу ecojer@mail.ru и по телефону: +7 (7212) 31-98-76. (А)



мерзімін ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;

4. «Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;

Жүйе толық автоматтандырылған және қағазбастылықты жоюға бағытталған.

- Өтініш беру: Сіз eGov.kz немесе map.gov4c.kz (Жария кадастрлық карта) арқылы өтініш толтырып, ЭЦҚ-мен қол қоясыз.

- Жүйеде қарау: Өтінім автоматты түрде Әкімдік маманының АРМ ЕГКН кабинетіне түседі. Маман оны тексеріп, келісуші органдарға жолдайды.

- Нәтижені бекіту: Оң қорытынды шыққан соң, әкімнің шешімі

мен жалға алу шарты жүйеде дайындалып, пайдаланушыға қол қою және төлем жасау үшін Жария кадастрлық картаға кері жіберіледі.

Жүйенің артықшылықтары – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады, мемлекеттік қызметкер мен өтініш беруші азаматпен тікелей байланыс шектеледі. Уақыт үнемделеді, құжаттарды қолмен тасу, қағаз жүзінде рұқсат жинау тоқтатылды. Қызмет алушы өзінің жер теліміне қатысты сұранысының қай кезеңде және қай маманның қарауында жатқанын онлайн бақылай алады.

Нұржан БЕКЕЖАНОВ,
Тараз қаласы әкімдігі
жер қатынастары
бөлімінің басшысы

► ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП

Қаланың көркі мен тазалығы – тұрғындардың мәдениеті мен жауапкершілігінің айқын көрсеткіші. Көшелердің, аулалардың және қоғамдық орындардың таза әрі реттелген болуы тұрғындарға жайлы орта қалыптастырып қана қоймай, елді мекеннің санитарлық жағдайы мен сәулеттік келбетінің сақталуына ықпал етеді. Осыған байланысты қала аумағында абаттандыру қағидаларының сақталуына тұрақты бақылау жүргізіліп, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында тиісті шаралар қабылдануда.



ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МІНДЕТ



2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, елді мекендерді абаттандыру қағидаларын бұзуға қатысты талаптар күшейтіліп, құқық бұзушылықтардың алдын алуға басымдық берілуде. Осы өзгерістер аясында Жібек жолы ауданында абаттандыру ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша түсіндіру және профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде.

Аудан аумағында учаскелік полиция инспекторлары мен жергілікті атқарушы органдар бірлесіп, тұрғындар мен кәсіпкерлік субъектілеріне қолданыстағы заңнама талаптарын түсіндіруде. Әсіресе, құрылыс материалдарын белгіленбеген орындарға төгу, қоғамдық орындарды ластау, құрылыс және тұрмыстық қалдықтарды ретсіз орналастыру деректерінің алдын алуға ерекше назар аударылуда.

Жүргізіліп жатқан рейдтік және профилактикалық шаралардың мақсаты – азаматтарды жауапкершілікке тартудан бұрын заң талаптарын түсіндіру, құқық бұзушылықтың алдын алу және аудан аумағында тазалық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету. Сонымен

қатар тұрғындарға алғаш анықталған құқықбұзушылықтар бойынша заңда көзделген тәртіппен ескерту шаралары қолданылып, қайталанған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны түсіндірілуде.

– Ауданға қарасты 5 аумақтық округте күнделікті полиция бөлімшесі мен инспекторлары, әкімдік мамандары бірлескен рейдтер мен түсіндіру жұмыстарын атқаруда. Мәселен, «Құмшағал» алабында жүргізілген шара барысында бірнеше заңбұзушылық тіркелді. Атап айтқанда тұрғын үйдің алдында азаматтың құрылыс материалдарын белгіленбеген жерге төкені анықталды. Аталған әрекет қаланың абаттандыру қағидаларын бұзып, қоғамдық тәртіп пен санитарлық талаптардың сақталуына кері әсерін тигізген. Оқиға бойынша Тараз қаласы Полиция басқармасы №3 полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс материалдарын рәсімдеп, құқық бұзушыға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық ту-

ралы кодексі 505-бабының 1-бөлігі талаптарына сәйкес әкімшілік шара қолданы.

Аталған б а п к а сәйкес, е л д і мекен-

ластыру қажеттігі ескертіледі.

– Қаланың тазалығы мен көркеюі – тек коммуналдық қызметтердің немесе мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі. Әр азамат өз ауласына, көшесіне және қоршаған ортасына ұқыптылықпен қараған жағдайда ғана таза әрі жайлы қала қалыптастыруға болады. Осыған байланысты Тараз қаласының тұрғындары мен кәсіпкерлеріне, аудан тұрғындарына абаттандыру қағидаларын қатаң сақтау, құрылыс материалдары мен қалдықтарды белгіленген орындарға шығару және қоғамдық тәртіпті бұзатын әрекеттерге жол бермеу қажеттігі тағы да ескертіледі. Заң талаптарын сақтау – қауіпсіз, таза және көрікті қаланы қалыптастырудың басты кепілі, – дейді Жібек жолы ауданы әкімінің орынбасары Диас Әжіман.

Қоғамдық тәртіп пен қала тазалығын сақтау – әрбір тұрғынның азаматтық жауапкершілігі. Абаттандыру қағидаларын сақтау арқылы біз тек өз ауламыздың ғана емес, тұтас қаланың келбетін

2026 жылғы 1 шілдеден бастап жаңа абаттандыру қағидалары күшіне енді

TARAZ

С 1 июля 2026 года на территории города действуют новые Типовые правила благоустройства



дықтарды және өзге де заттарды орналастыру заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады. Осы құқық бұзушылық үшін азаматқа ескерту түріндегі әкімшілік жаза тағайындалды, – дейді №3 аумақтық округтің инспекторы Ескер Буралхив.

Құқық қорғау органдарының басты мақсаты – азаматтарды жазалау емес, ең алдымен, құқықбұзушылықтардың алдын алу және тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыру. Сондықтан мұндай профилактикалық жұмыстар қала аумағында тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Әрбір тұрғынға қолданыстағы заң талаптары түсіндіріліп, қоғамдық орындардың тазалығын сақтау, құрылыс материалдарын арнайы белгіленген орындарға ғана орна-

жақсартуға үлес қосамыз. Бүгінде Жібек жолы ауданында жүргізіліп жатқан түсіндіру және профилактикалық жұмыстардың басты мақсаты – құқықбұзушылықтың алдын алу, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасып, аудан аумағында тазалықты сақтау мен қоғамдық мәдениетті қалыптастыруға басымдық беріледі. Өйткені таза қала – тұрғындардың жоғары жауапкершілігінің, заңға құрметінің және ортақ еңбегінің нәтижесі.

Арайлым ШАБДЕНОВА



ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ

Мемлекеттің басты байлығы – адам. Ал адамға жасалған қамқорлық пен әлеуметтік қолдау – қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуінің басты кепілі. Осы тұрғыдан алғанда Тараз қаласында халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыру, мүгедектігі бар азаматтарды қолдау, ардагерлерге құрмет көрсету, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек беру және мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру жолында ауқымды жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен бөлімге қарасты мекемелер 2026 жылдың қаңтар-шілде айларында тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды нәтижелі іске асырып, әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізді. Есепті кезеңде бөлімнің әлеуметтік көмек көрсету секторы мемлекеттік қызметтің үш түрі бойынша барлығы 8 877 қызмет көрсеткен. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен тұрғын үй көмегі «Әлеуметтік көмек» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы уақытылы тағайындалып, төленсе, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға жергілікті мәслихат бекіткен қағидаларға сәйкес «Е-Собес» ақпараттық жүйесі арқылы әлеуметтік қолдау көрсетілді. Сонымен қатар «Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесі арқылы атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылардың әлеуметтік мәртебесі айқындалып, нақты мұқтаж азаматтарды анықтау бағытындағы жұмыстар үздіксіз жүргізілді.

– Жыл басынан бері тұрғын үй көмегі 629 аз қамтылған отбасыға тағайындалып, жал-

далды. Оның ішінде шипажайда сауықтыруға жолдамалар беріліп, пробация есебіндегі азаматтарға, АИТВ жұқтырған балаларға, өрттен зардап шеккен тұрғындарға, туберкулез және катерлі ісікпен ауыратын азаматтарға материалдық қолдау көрсетілді. Сонымен бірге Жеңіс күні қарсаңында бір азаматқа біржолғы әлеуметтік төлем төленді.

Жұмыспен қамту бағытындағы жұмыстар да өз нәтижесін беруде. Биылғы жеті айда «Мансап» орталығына 19 482 азамат өтініш білдірді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 234 адамға артық. Жыл басынан бері 5 841 азамат жұмыспен қамтылып, олардың басым бөлігі тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды. Сонымен қатар қоғамдық жұмыстар, «Жастар тәжірибесі», әлеуметтік жұмыс орындары, «Күміс жас» жобасы және басқа да белсенді жұмыспен қамту шаралары арқылы жүздеген азамат еңбекке тартылды, – дейді бөлім басшысы Гаухар Олжабаева.

Бөлім басшысының айтуы бойынша, өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында биыл 11 994 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған екен. 1 тамыздағы жағдай бойынша оның 9 118-і құрылып, жоспардың орындалуы



жұмыспен қамту жалғасуда. Сонымен қатар «Пробация үйінде» бөлім мамандары тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, мемлекеттік бағдарламалар жөнінде кеңес беруде.

Цифрландыру әлеуметтік саланың тиімділігін арттыруға тың серпін беріп отыр. Бүгінде мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электрондық форматта көрсетіледі. Қаңтар-шілде айларында бөлім арқылы барлығы 27 103 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, оның 98 пайыздан астамы электрондық үкімет порталы мен мемлекеттік корпорация арқылы ұсынылды. Есепті кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылуы мен азаматтар тарапынан шағымдар тіркелген жоқ.

«Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесі халықтың нақты әлеуметтік жағдайын анықтауда маңызды құралға айналды. Қала бойынша жүйеге 143 684 отбасы енгізілген. Әлеуметтік жағдайы төмен «D» және «E» санатындағы отбасылардың санын азайту мақсатында үй-үйді аралау, мәліметтерді нақтылау және ақпараттық жүйелерді өзектендіру жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар Премьер-министрдің орынбасарының тапсырмасына сәйкес «А» және «В» деңгейіндегі отбасыларды верификациялау жұмыстары қарқынды жүргізіліп, мыңдаған сауалнама толтырылып, жүйеге енгізілуде, – дейді бөлім басшысы.

Сонымен қатар бүгінде бөлімнің мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс жүргізу секторы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10 түрі бойынша халыққа қызмет көрсетіп келеді. Қазіргі таңда Тараз қаласында 17 мыңнан астам мүгедектігі бар азамат тіркелген. Оның ішінде I топтағы – 1 855, II топтағы – 6 077, III топтағы 6 352 азамат болса, 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар саны 2 936-ны құрайды. Бұл көрсеткіштер әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтардың үлесі жоғары екенін аңғартады. Сондықтан олардың құқықтарын қорғау, өмір сүру сапасын жақсарту және қоғам өміріне толыққанды араласуына жағдай жасау мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Мүгедектігі бар азаматтарға көрсетілетін техникалық оңалту құралдары мен арнайы әлеуметтік қызметтердің барлығы бүгінгі күні «Әлеуметтік қызметтер» порталы арқылы ұсынылады. Бұл азаматтардың қажетті көмекті ашық әрі қолжетімді түрде алуына мүмкіндік беріп отыр. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың еркін жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасау мақсатымен инвентаризация қызметін дамытуға да ерекше назар аударылып келеді. Биыл I топтағы қозғалу мүмкіндігі шектеулі азаматтарға «Шапағат» корпоративтік қоры, көзі көрмейтін I топ мүгедектігі бар азаматтарға «Өмір сапасы» корпоративтік қоры, ал аутизм диагнозы қойылған балаларға «Janyna Sayu» қоғамдық бірлестігі қызмет көрсетуде. Барлығы 12 арнайы автокөлік күн сайын тұрғындардың сұранысына сәйкес қызмет атқарып, әлеуметтік қолдаудың маңызды тетіктерінің біріне айналды. Инвентаризация қызметінің үздіксіз жұмыс істеуіне бюджеттен қажетті қаржы толық көлемде бөлініп, азаматтардың медициналық мекемелерге, оңалту орталықтарына және басқа да әлеуметтік маңызы бар орындарға кедергісіз қатынауына мүмкіндік жасалып отыр. Мүгедектігі бар азаматтардың оңалтудың

жеке бағдарламалары бойынша қажетті техникалық құралдармен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі де жылдан-жылға артып келеді. Есепті кезеңде оңалтудың жеке бағдарламаларының орындалуы 75,8 пайызды құрады. Жалпы саны 13 822 өтініш түсіп, оның 10 477-сі толық қанағаттандырылды. Бұл әлеуметтік қызметтердің сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстардың нақты нәтижесін көрсетеді.

Қалада мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қоғамдық ортаға еркін араласуына жағдай жасау бағытындағы жұмыстар да тұрақты бақылауда. Осы мақсатта әлеуметтік мәселелер жөніндегі қалалық консультативтік-кеңесші ведомстваралық комиссия жұмыс істейді. Комиссияның бекітілген жоспарына сәйкес, мемлекеттік мекемелер мен әлеуметтік маңызы бар нысандарды бейімдеу жұмыстары жүргізілуде. Айталық, 2026 жылы бейімдеуге жататын 32 нысан белгіленіп, бүгінгі күні олардың 25-інде қажетті жұмыстар аяқталды. Оған 20,2 миллион теңге бағытталды. Сонымен қатар қаладағы 312 әлеуметтік және қоғамдық нысанның төлқұжаты «invo.gov.kz» ақпараттық порталындағы қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілді. Мұның барлығы ерекше қажеттілігі бар азаматтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдардың нәтижесі.

Әлеуметтік қолдау жұмыстары халық арасында кеңінен насихатталуда. Жыл басынан бері әлеуметтік желілерде мүгедектігі бар азаматтарды қолдау, инвентаризация қызметінің жұмысы, техникалық оңалту құралдарына өтінім беру тәртібі туралы ақпарат тұрақты жарияланып келеді. Сонымен қатар республикалық телеарналарда арнайы сюжеттер көрсетіліп, қалалық медиа орталыққа тікелей эфирлер ұйымдастырылды. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар арқылы да әлеуметтік саладағы өзгерістер мен жаңашылдықтар тұрғындарға кеңінен түсіндірілді. Бұл қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы ашықтықты нығайтып, азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыруға ықпал етуде.

Әлеуметтік қолдаудың тағы бір маңызды бағыты – өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарды қоғамға қайта бейімдеу, олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал ету және қалыпты өмірге оралуына жағдай жасау. Осы бағытта Тараз қалалық өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталық маңызды міндеттерді атқарып келеді.

Орталық қызметінің басты мақсаты – тұрақты тұрғылықты жері жоқ азаматтардың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету, медициналық және басқа да қажетті көмектермен қамту, сондай-ақ олардың қоғамнан шет қалмауына мүмкіндік жасау.

Жыл басынан бері орталыққа белгілі бір тұрағы жоқ 113 азамат қабылданды. Оның ішінде 104 ер адам және 9 әйел бар. Орталыққа азаматтардың келу себептері әртүрлі. Атап айтқанда 39 адам әлеуметтік патруль арқылы жеткізілсе, 35 азамат өз еркімен келген. 33 адам ішкі істер бөлімдері арқылы қабылданса, 3 азамат ауруханадан, тағы 3 адам Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы қамқоршылық және қорғаншылық кеңесінің хаттамасы негізінде орналастырылды.



пы 34,2 миллион теңге төленді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көмек алушылар саны азайғанымен, тұрғын үй көмегінің орташа мөлшері 8,2 пайызға өсіп, бір отбасыға шаққанда 6 807 теңгені құрады. Бұл тұрғындардың нақты қажеттілігіне қарай әлеуметтік қолдау көлемінің ұлғайғанын көрсетеді.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету де тұрақты жүзеге асырылды. Шілде айының қорытындысы бойынша табыстары кедейлік шегінен төмен 1 600 отбасының 8 410 мүшесіне 865,2 миллион теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Сонымен қатар 1 431 отбасының 1 жастан 6 жасқа дейінгі 2 803 баласына 94 миллион теңге көлемінде қосымша төлем жүргізілді. Жалпы, қаңтар-шілде айларында атаулы әлеуметтік көмекке 743,1 миллион теңге бағытталды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көмек алушылар саны азайғанымен, орташа төлем мөлшері 37,1 пайызға өсіп, бір адамға шаққанда 15 689 теңгені құрады. Бұл әлеуметтік қолдаудың көлемі артып, оның нақты мұқтаж азаматтарға бағытталғанын көрсетеді.

Әлеуметтік қолдау тек ақшалай төлемдермен ғана шектелмейді. Жыл басынан бері өмірлік қиын жағдайға тап болған 1 725 отбасыға кеңес беріліп, құжаттары толық 438 отбасыға түрлі әлеуметтік көмектер тағайын-

76 пайыздан асқан. Оның ішінде 7 712 тұрақты және 1 406 уақытша жұмыс орны ашылған. Әсіресе, жеке бастамалар арқылы жаңа жұмыс орындарын құру көрсеткіші жоспардан едәуір асып, 161,8 пайызды құраған. Бұл кәсіпкерлік бастамаларды қолдау мен жаңа жұмыс орындарын құрудың тиімділігін айғақтайды.

Еңбек қатынастарындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету де бөлім жұмысының маңызды бағыттарының бірі болып отыр. Есепті кезеңде қаладағы жалақы берешегі анықталған кәсіпорындармен тұрақты жұмыстар жүргізіліп, мемлекеттік еңбек инспекциясымен бірлескен тексерулер ұйымдастырылған. Нәтижесінде жұмысшылардың жалақы берешегі өндіріліп, заң талаптарын бұзған жұмыс берушілерге әкімшілік шаралар қолданылған. Бұл бағыттағы жұмыстар азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауға және әлеуметтік шиеленістің алдын алуға бағытталып отыр.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды қоғамға бейімдеу мәселесіне де ерекше көңіл бөлінуде. Жыл басынан бері көптеген азамат тұрақты жұмысқа орналасып, кәсіптік оқуға жолданып, мемлекеттік гранттар мен әлеуметтік қолдау шараларын пайдаланған.

– Қаладағы мекемелермен жасалған келісімдер негізінде квоталық жұмыс орындары құрылып, пробация есебіндегі азаматтарды

► СОҢЫ. БАСЫ 1,4-БЕТТЕРДЕ

СЕРПІНДІ ЖҰМЫС – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

Орталық мамандары әр азаматтың жеке жағдайын зерделеп, қажетті әлеуметтік көмекті ұйымдастыруға басымдық береді. Есепті кезеңде 14 азаматтың құжаттары рәсімделіп, 17 адам жұмыспен қамту шараларына тартылды. Сонымен қатар 15 азамат арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарына жолданды. Бұл жұмыстар азаматтардың уақытша қиындықтарын еңсеріп қана қоймай, олардың алдағы өмірін тұрақтандыруға бағытталған.

Қызмет алушыларға құқықтық, медициналық және әлеуметтік бағыттар бойынша кешенді көмек көрсетіледі. Орталықта азаматтарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы түсіндіріліп, құқықтық кеңестер беріледі. Сонымен қатар олардың жеке басын анықтау, құжаттарын қалпына келтіру, құқық қорғау органдарының дерекқорлары бойынша тексеру, қажет болған жағдайда іздеу жұмыстарын жүргізу бағытында Жамбыл облысы полиция департаментімен бірлескен жұмыстар атқарылууда.

Медициналық көмек көрсету де орталық жұмысының маңызды бағыты. Жеті ай ішінде орталыққа қабылданған 113 азаматтың барлығы алғашқы медициналық тексеруден өткізілген. Олардың 22-сі аурухана жағдайында ем қабылдаса, 15 азамат арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына орналастырылыпты. Төрт азаматқа мүгедектік тобы белгіленсе, қазіргі уақытта тағы жеті адамның мүгедектік рәсімдерін өткізу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Орталықта қызмет алушылардың денсаулығын бақылау, әлеуметтік жағдайын жақсарту және еңбекке араласуына мүмкіндік жасау бағытында тұрақты жұмыстар атқарылууда. «Еңбек.kz» электрондық платформасына 29 азамат жұмыс іздеуші ретінде тіркеліп, олардың 17-сіне тұрақты



(Сурет ЖИ көмегімен жасалған)

саласынан – 348, денсаулық сақтау саласынан – 716, полиция департаментінен – 278, проба-ция қызметінен 29 маман енгізілген. Мұндай ведомствоаралық өзара іс-қимыл отбасылардың мәселелерін жан-жақты қарастыруға және нақты көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

2026 жылдың жеті айында FSM Social цифрлық платформасына өмірлік қиын жағдайға тап болған

жүгінсе, 40 отбасы сот ұйғарымдары негізінде келген. Жеке қабылдау барысында төрт отбасының некесі сақталып, тағы төрт отбасындағы жан-жалдарды шешу бойынша татуластыру шаралары жүргізілді.

Орталықтың атқарып жатқан жұмыстары тұрғындарға кеңінен насихатталуда. Жыл басынан бері әлеуметтік желілерде Facebook және Instagram парақшаларында 1 212 ақпараттық жарияланым орналастырылып, жеті телеарнада материалдар жарық көрді. Өткізілген шаралар мен түсіндіру жұмыстарына барлығы 8 883 адам қамтылды, – дейді бөлім басшысы.

Отбасын қолдау орталығының қызметі – тек қиындыққа тап болған жанұяларға көмек көрсету ғана емес, сонымен бірге олардың мәселесін ерте анықтап, алдын алу, отбасының беріктігін сақтау және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған маңызды жұмыс. Бұл бағыттағы кешенді шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға өз үлесін қоса бермек.

Әлеуметтік қорғау саласындағы маңызды бағыттардың бірі – күнделікті өмірде тұрақты қолдауды қажет ететін балалар мен ересек азаматтарға үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету. Бұл бағытта Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қарасты үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы тұрғындарға жан-жақты көмек көрсетіп келеді.

Орталықтың негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балалар мен 18 жастан асқан азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру, сондай-ақ үй жағдайында қажетті әлеуметтік қызметтерді уақытылы әрі сапалы көрсету. Қызмет алушылардың әрқайсысына жеке оңалту бағдарламасына сәйкес әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық және басқа да бағыттар бойынша көмек көрсетіледі.

2026 жылдың шілде айындағы жағдай бойынша балалар мен 18 жастан асқан адамдарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде 366 азаматқа үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда олардың 322-сіне тұрақты түрде әлеуметтік қызмет көрсетілуде.

Олардың қатарында 7 жасқа дейінгі 61 бала, 14 жасқа дейінгі 112 мүгедектігі бар бала бар. Оның ішінде I топтағы – 95, II топтағы – 17 бала. Сонымен қатар 16 жасқа дейінгі 38 балаға, оның ішінде I топтағы 35 және II топтағы 3 балаға әлеуметтік қызмет көрсетілуде. 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар саны 28 болса, олардың 25-і – I топтағы, 3-еуі – II топтағы балалар. Ал 18 жастан асқан мүгедектігі бар азаматтардың саны 83 адамды құрайды, оның ішінде I топтағы – 69, II топтағы – 14 азамат.

Қызмет алушылардың жағдайы тұрақты бақылауда ұсталып, олардың қажеттілігіне қарай әлеуметтік көмек түрлері ұйымдастырылууда. 2026 жылдың қаңтар-шілде айлары аралығында қызмет алушыларға сегіз бағыт бойынша жалпы 120 066 әлеуметтік қызмет көрсетілді. Бұл көрсеткіш орталық мамандарының күн сайынғы қажырлы еңбегінің және әлеуметтік қолдаудың нақты іске

асырылып жатқанын көрсетеді.

Жеке оңалту бағдарламалары негізінде азаматтардың қажеттіліктері анықталып, үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет алу үшін қажетті құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсетіледі. Сонымен қатар қызмет алушылар техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етіліп, олардың тұрмыстық жағдайын жеңілдетуге бағытталған шаралар тұрақты жүргізіледі.

Мүгедектер мен қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі де өз жұмысын белгіленген стандарттарға сәйкес атқарып келеді. 2026 жылдың шілде айында бұл бөлімше 266 қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетті. Оның ішінде 21 мүгедектігі бар азамат бар. Олардың қатарында I топтағы – 5, II топтағы – 15, III топтағы – 1 азамат және Ұлы Отан соғысының ардагері бар.

Әлеуметтік қызметкерлер әрбір қызмет алушының тұрмыс жағдайын назарда ұстап, олардың күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз етуге барынша күш салуда. Қызмет алушылардың үйлеріне азық-түлік пен тұрмыстық қажетті заттар жеткізіліп, тұрғын үйлерін жинауға, аулаларын тазалауға, ас әзірлеуге, құдықтан су тасуға, денсаулығына байланысты жуынуға, дәрі-дәрмектерін алуға және дәрігер нұсқауларын орындауға көмектесу жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар жалғыздікті қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға әлеуметтік-тұрмыстық қолдау көрсетіліп, олардың қоғамдық өмірден тыс қалмауына жағдай жасалады. Қажет болған жағдайда қызмет алушыларға газет-журналдар жеткізіліп, алыс елді мекендердегі туыстарына «Қазпошта» арқылы сәлемдеме жіберуге, киім-кешектерін химиялық тазалауға тапсыруға және коммуналдық төлемдерін төлеуге көмек көрсетіледі. Бұл жұмыстардың барлығы азаматтардың өмір сапасын арттыруға және олардың өз үйлерінде жайлы өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Тараз қаласында әлеуметтік қорғау саласында атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымы кең. Мүгедектігі бар азаматтарға жағдай жасау, ардагерлерге қолдау көрсету, әлеуметтік қиындыққа тап болған адамдарды қайта әлеуметтендіру, отбасылардың тұрақтылығын сақтау және үйде күтім көрсетуді ұйымдастыру бағытындағы шаралар бір-бірімен сабақтасып, халықтың әл-ауқатын арттыруға қызмет етуде.

Бүгінде әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі тек көмек көрсетумен шектелмей, азаматтардың өмірлік мүмкіндіктерін кеңейтуге, олардың қоғамдағы орнын сақтауға және толыққанды өмір сүруіне жағдай жасауға бағытталған. Осы жолда Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен оған қарасты мекемелер өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып, тұрғындардың сенімін ақтауға күш салуда.

Әрбір көрсетілген қызмет, әрбір қолдау мен қамқорлық – адам тағдырына деген жауапкершіліктің белгісі. Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, халықтың әлсіз топтарына қолдау көрсету және азаматтардың өмір сапасын жақсарту бағытындағы бұл игі істер алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Арайлым ШАБДЕНОВА



жұмысқа орналасуға көмек көрсетілді. Бұл – әлеуметтік қолдаудың басты мақсаты азаматтарды тек уақытша қамқорлықпен қамтамасыз ету емес, олардың өз бетінше өмір сүру мүмкіндігін қалыптастыру екенін көрсетеді.

– Қоғамдағы ең маңызды құндылықтардың бірі – отбасы. Отбасы берекесі мен тұрақтылығын сақтау, қиындыққа тап болған жанұяларға қолдау көрсету мақсатымен Тараз қаласында Отбасын қолдау орталығы өз жұмысын жүйелі түрде жүргізуде.

Тараз қаласы әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қала әкімінің 2024 жылғы 23 шілдедегі №1981 қаулысы негізінде құрылып, 2024 жылғы 14 қарашада заңды тұлға ретінде тіркелді. Орталықтың негізгі міндеті – мемлекеттік отбасы саясатын жүзеге асыру, отбасылық жанжалдардың алдын алу, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарды ерте анықтау және оларға әлеуметтік сүйемелдеу көрсету.

Қазіргі таңда орталық жанынан құрылған мобильді топтар отбасы мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарып келеді. Әулиеата және Жібек жолы аудандары әкімдерінің өкімдері және бөлім басшысының бұйрығы негізінде мобильді топтар құрылып, олардың құрамына түрлі салалардың мамандары енгізілді. Жалпы саны 1 448 қызметкер әлеуметтік жағдайы күрделі отбасылармен жұмыс жүргізуге жұмылдырылған.

Мобильді топ құрамына әкімдік саласынан – 29, әлеуметтік қорғау саласынан – 36, білім беру

отбасылар бойынша 794 сигнал келіп түсті. Оның 725-і бойынша жұмыстар аяқталып, 67 сигнал бойынша сүйемелдеу шаралары жалғасуда. Сонымен қатар орталыққа сот органдарының шешімімен 40 құжат, атаулы әлеуметтік көмек бойынша 176 өтініш, e-Ötinish порталы арқылы 4 өтініш, «111» call-орталығы арқылы 35 хабарлама келіп түсті.

Мобильді топтардың жұмысы нәтижесінде анықталған 628 отбасыға және өз еркімен жүгінген 164 азаматқа қажетті көмек көрсетілді. Оның ішінде 171 отбасына психологиялық, 149 отбасына құқықтық, 967 отбасына әлеуметтік көмек берілді. 125 отбасының тұрмыс жағдайын зерделеу мақсатында олардың үйлеріне 351 маманның қатысуымен арнайы бару жұмыстары ұйымдастырылды.

Отбасындағы қиын жағдайларды шешу, әсіресе, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар да ерекше назарда. Орталыққа жүгінген тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар 21 азаматқа кешенді көмек көрсетілді. Олардың 13-іне психологиялық, 13-іне құқықтық көмек беріліп, 19 азаматқа әлеуметтік кеңес ұсынылды. Бір азаматшаға электрондық цифрлық қолтаңба ашылып, жеті азаматшаға жеке құжаттарын рәсімдеуге көмек көрсетілді. Сонымен қатар екі жалғыз басты азаматқа қайырымдылық көмек берілді.

Отбасы құндылықтарын сақтау, некені бұзудың алдын алу бағытында да нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Некені сақтап қалу бойынша орталыққа 60 отбасы мүшесі тіркелді. Оның 20-сы өз еркімен

САЛАҒА СЕРПІН



Қоғамның тұрақтылығы мен ел ішіндегі татулықтың сақтауы – мемлекеттің басты құндылықтарының бірі. Әсіресе, діни сенім бостандығы мен зайырлы мемлекет қағидаттарының үйлесімді жүзеге асуы қоғамдық келісімнің маңызды тетігі саналады. Бүгінде Жамбыл облысында дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, конфессияаралық келісімді нығайту және тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Өңірдегі бұл бағыттағы жұмыстар Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, сондай-ақ стратегиялық жоспарлар мен жол карталарында белгіленген міндеттер мен нысаналы көрсеткіштерге сәйкес жүргізіледі. Облысы әкімдігінің дін істері басқармасының басшысы Еркебұлан Ақбайдың айтуынша, аталған құжаттарда мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын ілгерілету, діни бірлестіктермен өзара іс-қимылды жетілдіру, қоғамда діни тұрақтылықты сақтау және радикалды идеологияның таралуына жол бермеу жөніндегі негізгі міндеттер айқындалған.

– Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру барысында үш негізгі бағытқа басымдық беріліп отыр. Біріншісі – діни экстремизм мен терроризмнің кез келген көріністерінің алдын алу. Екіншісі – мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы сындарлы қарым-қатынасты қалыптастырып, конфессиялар арасындағы өзара түсіністік пен келісімді нығайту. Үшіншісі – Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген зайырлылық қағидатының сақталуын қамтамасыз ету.

Дін саласында білімі мен тәжірибесі бар 54 маманнан құралған ақпараттық-түсіндіру тобы қоғамның түрлі әлеуметтік топтарымен тұрақты түрде кездесулер өткізіп, зайырлылықтың мәнін, діни сенім бостандығының заңнамалық негіздерін, деструктивті діни ағымдардың белгілерін және экстремистік идеологияның қаупін түсіндіреді. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тәуекел дәрежесіне қарай «төмен», «орта» және «жоғары» деңгейлер бойынша жүргізіледі, – дейді басқарма басшысы.

Басқарма басшысының мәліметіне сүйенсек, бүгінде облыс аумағында 11 конфессияға тиесілі 403 діни бірлестік пен филиал өзара келісім жағдайында қызмет атқарады. Оның 358-і – исламдық, 45-і христиандық бағыттағы діни бірлестіктер. Христиандық бағыттағы ұйымдардың ішінде 8 православтық, 1 католиктік және 36 протестанттық

діни бірлестік бар. Өңірдегі діни қызмет саласының субъектілері қатарында 4 миссионер бар. Олардың екеуі – Рим-католик шіркеуінде, тағы екеуі пресвитериандық шіркеулерде діни қызмет атқарады. Миссионерлердің заңнамаға сәйкес жыл сайын тіркеуден өтуі тұрақты бақылауда. Сонымен бірге облыста 40 намазхана мен құлшылық үйі жұмыс істейді. Діни білім

Қазіргі ақпараттық қоғамда діни радикалды идеологияның таралу жолдары да өзгеріп келеді. Бұрын мұндай ақпарат белгілі бір ортада немесе жабық кездесулер арқылы тараса, бүгінде интернет пен әлеуметтік желілер оның таралу мүмкіндігін кеңейтіп отыр. Осыған байланысты өңірде профилактикалық жұмыстардың мазмұны қайта қаралып, негізгі басымдықтар белгіленді. Ең алдымен, сандық көрсеткіштен сапалық нәтижеге көшуге басымдық беріліп отыр. Діни радикалды идеологияның ықпалына түсу қаупі жоғары әлеуметтік топтармен мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Олардың қатарында сауда орындары, құрылыс алаңдары және басқа да әлеуметтік орта өкілдері бар.

– Басқарма тарапынан деструктивті діни ағымдардан зардап шеккен азаматтармен де профилактикалық және оңалту жұмыстары жүргізіледі. Биыл

Олардың әрқайсысымен жеке байланыс орнатылып, оқуын аяқтағаннан кейін өңірге жұмысқа тарту бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Бұдан бөлек, 25 азамат шетелдегі діни оқу орындарында білім алууда. Аталған азаматтардың жақындарымен және мессенджерлер арқылы өздерімен байланыс орнатылып, олардың жағдайы туралы мәліметтер алынып отырады. Ал өңірдегі 11 конфессияға тиесілі 403 діни бірлестік пен филиалдың өзара келісім жағдайында қызмет етуі, өңірде конфессияаралық қақтығыстардың тіркелмеуі – осы тұрақтылықтың айқын көрінісі, – дейді Еркебұлан Ахметұлы.

Сонымен қатар өңірде Instagram, Facebook, Telegram, VKontakte, TikTok сияқты әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдаланып, деструктивті діни контентке қарсы балама ақпараттық материалдар әзірленіп, жария-

топтарға тіркелген 40 808 тұрғын аталған топтардан шығарылды. Сонымен қатар интернет кеңістігінде еркін қолжетімді 11 398 күдікті парақша анықталып, дінтану сараптамасына жолданды. Сондай-ақ аймақтағы газет редакциялары мен телеарналарда жұмыс істейтін 21 тілшіден тұратын журналистер клубы құрылған. Олар дін саласындағы өзекті мәселелерді тұрақты түрде көтеріп, бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті материалдар жариялап келеді.

Жыл басынан бері өңірде 1 821 түрлі шара ұйымдастырылып, оған 47 мыңнан астам адам қамтылды. Ал 2025 жылы 4 789 түрлі шара өткізіліп, оған 100 мыңнан астам тұрғын қатысты. Ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында шеберлік сыныптары мен оқыту семинарлары тұрақты түрде ұйымдастырылады. Мәселен, 2026 жылғы 27-28 сәуір күндері республикалық деңгейдегі сарапшылардың қатысуымен облыстық екі күндік оқыту семинары өткізілді. Оған мемлекеттік саясатты іске асыруға және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға мүдделі жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының педагог-мұғалімдері, діни бірлестіктердің өкілдері қатысты. Семинарға 100-ден астам адам қамтылды, – дейді облыс әкімдігінің дін істері басқармасы бөлім басшысының міндетін атқарушы Самғат Мутанов.

Өрине, бүгінгі міндет – қол жеткізілген қоғамдық келісімді сақтау ғана емес, оны жаңа заман талаптарына сай одан әрі нығайту. Әсіресе, интернет кеңістігінің мүмкіндігі кеңейген сайын діни сауаттылықты арттыру, жастардың сыни ойлау қабілетін дамыту, радикалды идеологияның алдын алу және қоғамда зайырлылық құндылықтарын кеңінен түсіндіру жұмыстары өзектен береді.

Қорыта айтқанда, Жамбыл облысында дін саласындағы мемлекеттік саясаттың жүйелі жүргізілуі, діни сауаттылықты арттыру, конфессияаралық келісімді нығайту, жастар мен әлеуметтік топтар арасында профилактикалық жұмыстарды күшейту және интернет кеңістігіндегі деструктивті діни ақпараттың алдын алу бағытындағы шаралар қоғамдық тұрақтылықты сақтауға ықпал етіп келеді. Басты мақсат – тұрғындардың діни сенім бостандығы мен зайырлы қоғам құндылықтарын қатар ұстануына жағдай жасап, бейбітшілік пен келісімді берік сақтау. Себебі ел ішіндегі тұрақтылық пен қоғамдық татулық – мемлекеттің орнықты дамуының ең берік негізі.

Жұмаш ЖОЛБОЛДЫ



беру бағытында да нақты жұмыстар жүргізілуде. «Ғибадулла Тарази» медресе-колледжінде бүгінде 80 шәкірт білім алып жатса, «Қордай» Құран қариларын дайындау орталығында 222 шәкірт діни білім алууда.

Жамбыл жерінде ислам дінімен қатар православие, католицизм, баптизм, лютеран, елуіншілер, адвентист, пресвитериан, жаңаапостолдық, методистік және Иегова куәгерлері секілді конфессия өкілдері де өз қызметтерін жүзеге асырып келеді. Олардың арасында өзара түсіністік пен келісім қалыптасқан. Өңірде конфессияаралық қақтығыстардың тіркелмеуі – жүргізіліп отырған мемлекеттік саясат пен қоғамдық келісім жұмыстарының маңызды нәтижелерінің бірі. Діни ұйымдармен бірлесіп Ораза айт, Құрбан айт, Рождество, Пасха сияқты діни мерекелер де дәстүрлі түрде аталып өтеді.

жүргізілген оңалту жұмыстарының нәтижесінде дәстүрлі ислам бағытына қайта оралған, Қазақстан қоғамының құндылықтарына бейімделген азаматтар бар.

Дін саласындағы жұмыстың нәтижелі болуы, ең алдымен, осы бағытта қызмет атқаратын мамандардың білімі мен кәсіби біліктілігіне байланысты. Бүгінде облыста дін саласында жоғары білімі бар 102 азамат қызмет атқарады. Оның 21-і – Дін проблемаларын зерттеу орталығының мамандары.

Сонымен бірге өңір үшін білікті кадр даярлау мәселесіне де басымдық берілуде. Қазіргі таңда облыстан 215 студент «Нұр-Мүбарақ» университетінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім алып жатыр.

лануда. Дін проблемаларын зерттеу орталығының жанынан арнайы студия ашылып, онда подкастар мен түрлі форматтағы бейнеөнімдер дайындалуда. Бүгінде студия арқылы ұзақ форматтағы 22 бейнеөнім және reels форматтағы 576 бейнеөнім әзірленіп, «Әулиеата» және «ruQh» жобалары аясында YouTube видеохостингіне және әлеуметтік желілерге орналастырылған.

– Интернет кеңістігіндегі ахуалды зерделеу үшін «Талдамалық интернет карта», «Кибербақылау», «Контр» сияқты ақпараттық жүйелер де қолданылады. Олар интернет кеңістігіндегі теріс діни контентті талдауға, анықтауға және оған қарсы ақпараттық жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Жүргізілген жұмыстың ауқымын өткен жылғы көрсеткіштерден де көруге болады. 2025 жылы интернет желісіндегі теріс діни бағыттағы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешкітірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруге құқылы.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясы-

ның мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ГОЛОСОВАНИЕ ВНЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Граждане Республики Казахстан, которые в день голосования не могут прибыть на избирательный участок по состоянию здоровья, в связи с уходом за больным членом семьи, а также проживающие в отдаленных и труднодоступных районах, где не образованы избирательные участки, вправе проголосовать вне помещения для голосования.

Для этого избирателю необходимо не позднее 12:00 часов местного времени дня голосования (23 августа 2026 года) подать в участковую избирательную комиссию по месту своей регистрации письменное заявление об организации голосования в месте его пребывания.

Член участковой избирательной комиссии в месте его пребывания в день голосования вы-

дает избирателю бюллетень для голосования на основании поданного заявления и по предъявлении документа, удостоверяющего личность. Факт получения бюллетеня для голосования удостоверяется подписью избирателя в заявлении.

Член участковой избирательной комиссии, выдавший бюллетень, ставит в нем свою подпись, а также расписывается в заявлении избирателя. При проведении голосования обеспечивается обязательное соблюдение тайны волеизъявления избирателя.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүтінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушы-

лар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ГОЛОСОВАНИЕ ЗА РУБЕЖОМ

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

В списки избирателей на избирательных участках при представительствах Республики Казахстан в иностранных государствах включаются все граждане, проживающие или находящиеся в длительной заграничной командировке в соответствующем иностранном государстве и имеющие действительный паспорт гражданина Республики Казахстан.

Граждане Республики Казахстан, прибывшие в иностранные государства по частным приглашениям, в служебные, деловые и туристические поездки, при их обращении в участковую избирательную комиссию и при наличии у них действительного паспорта гражданина Республики Казахстан вклю-

чаются в списки избирателей.

Голосование может быть объявлено законченным в любое время, если проголосовали все избиратели, включенные в список.

Список избирательных участков при представительствах Республики Казахстан в иностранных государствах доступен на интернет-ресурсах Министерства иностранных дел и Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан

ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;



www.gov.kz/sailau

sailau.gov.kz

sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған

QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы



мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

КАК ПРОВЕРИТЬ СЕБЯ В СПИСКАХ ИЗБИРАТЕЛЕЙ?


23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Каждый гражданин вправе проверить данные о себе в списках избирателей за пятнадцать дней до дня голосования или с 7 августа 2026 года в помещениях избирательных комиссий по месту своего проживания.

На избирательных участках, образованных в воинских частях, отдаленных и труднодоступных районах, в домах отдыха, в санаторно-курортных организациях, в организациях с непрерывно действующим производством, в местах организации труда вахтовым методом, специальных учреждениях, обеспечивающих временную изоляцию от общества, при загранучреждениях Республики Казахстан в иностранных государствах избиратели могут ознакомиться со списками за пять дней до дня голосования или с 17 августа 2026 года.

При невключении, неправильном включении или исключении из списка, а также допущении неточности, гражданин вправе подать заявление в избирательную комиссию о необходимости исправления данных в списках избирателей.

Исправление или включение в список производится избирательной комиссией немедленно. В случае отклонения заявления избирательная комиссия безотлагательно выдает гражданину копию мотивированного решения об отклонении его заявления. Решение может быть обжаловано в суде по



месту нахождения избирательной комиссии, суд рассматривает жалобу в день ее поступления.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан

КАК НАЙТИ УЧАСТОК ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ?

Для голосования на выборах депутатов Курултая Республики Казахстан, которые состоятся 23 августа 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. С использованием онлайн-сервисов посредством ввода индивидуального идентификационного номера (ИИН);



www.gov.kz/sailau

sailau.gov.kz

sailau2026.gov.kz

Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан



Жарбол АҚЖІГІТ,
«Ғибадулла Тарази»
медресе-колледжінің директоры

РУХАНИЯТ



ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАН «ҒИБАДУЛЛА ТАРАЗИ»

Тараз – тарихы терең, өркениеттер тоғысында қалыптасқан көне шаһар. Екі мың жылдан астам тарихы бар бұл қала ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолының бойындағы сауда мен мәдениеттің, ғылым мен білімнің маңызды орталықтарының бірі болды. Әсіресе, ортағасырлық Тараздың гүлденген кезеңінде қалада мешіттер, медреселер, моншалар, керуен сарайлар сияқты қоғамдық нысандардың болғаны археологиялық зерттеулер арқылы анықталған. Сол дәуірде Ислам діні қала өмірінің маңызды рухани факторларының біріне айналды.

Демек, Тараздың тарихын тек көне қаланың тарихы ретінде емес, сонымен бірге білім мен руханияттың қалыптасу тарихы ретінде де қарастыруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі Тараздағы «Ғибадулла Тарази» медресе-колледжінің орны ерекше.

Таразда Ислам өркениетінің орнығуымен бірге діни білім беру дәстүрі де қалыптасты. Ортағасырлық қала аумағында мешіттер мен медреселердің болғаны археологиялық қазбалар арқылы дәлелденіп отыр. Зерттеулер бойынша, Тараздың Х-ХІІ ғасырлардағы гүлдену дәуірінде қалада мешіттер мен медреселер кең тараған. Бұл – Тараз топырағында діни білім беру мәдениетінің бүгін ғана пайда болмағанын көрсететін маңызды тарихи негіз.

Кейінгі ғасырларда да Тараз Әулиеата өңірі Ислам ілімінің маңызды орталықтарының бірі болып қала берді. ХХ ғасырдың басындағы діни-ағартушылық өмірдің айқын мысалдарының бірі – қаладағы мешіт-медресе кешендері. Археологиялық деректерде Әулиеатадағы Абдуқадир мешіті жанында мешітпен бірге медресе мен шәкірттерге арналған худжралар болғаны айтылады. Осы ортада белгілі ғалым, дінтанушы әрі ағартушы Саид Махмуд ат-Тарази (Алтынхан төре) 1910-

шы жылдардың ортасынан бастап 1930 жылға дейін белсенді түрде еңбек еткен. Яғни, Тараздағы діни білім дәстүрінің тамыры ортағасырлық медреселерден басталып, ХХ ғасырдың басындағы ғұламалар мектебі арқылы жалғасқан тарихи сабақтас-тықты көруге болады.

«Ғибадулла Тарази» атауының өзі Тараздың тарихи-рухани болмысымен тығыз байланысты. Бұл атау кездейсоқ таңдалмаған. Ол Тараздың Ислам өркениетіндегі орнын, осы шаһардан шыққан немесе осы шаһарда еңбек еткен ғалымдардың мұрасын еске түсіреді.

Тарихта «Тарази» нисбасымен танылған ғалымдар аз емес. Солардың бірі – ХХ ғасырдағы көрнекті дін ғалымы әрі ағартушы Саид Махмуд ат-Тарази. Оның есімі Тараздың діни-ағартушылық тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан бүгінгі «Ғибадулла Тарази» медресе-колледжінің атауы – бір жағынан көне шаһардың тарихи атауын дәріптесе, екінші жағынан Тараздағы діни білім дәстүрінің үзілмей келе жатқан рухани бағытын білдіретін символдық мәнге ие.

Қазіргі «Ғибадулла Тарази» медресе-колледжі – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жүйесінде жұмыс істейтін діни білім беру мекемесі. Оқу орны 2012 жылы ашылған. Оның бүгінгі негізгі мақсаты қоғамның діни-рухани әлеуетін көтеру, ұлттық руханият пен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстанатын білікті исламтану мамандарын даярлау болып отыр. 2013 жылы оқу орны алғашқы мемлекеттік лицензиясын алса, 2020 жылы жаңа куәлікке ие болып, медресе-колледж мәртебесіне өтті. Сол кезеңде оқу орнының материалдық-техникалық базасы кеңейіп, жаңа жатақхана мен спорттық нысандар пайдалануға берілді.

Бүгінде оқу орнында «Исламтану» мамандығы бойынша білім беріледі. Оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай, біліктілігі – «Ис-



ламтанушы». Оқу күндізгі және дуальды оқыту форматында, қазақ тілінде жүргізіледі. Бұл – дәстүрлі медреселік білім мен қазіргі кәсіптік білім беру жүйесін ұштастырған үлгі.

Медресе-колледждің басты ерекшелігі сол, мұнда білім тек теориялық деңгеймен ғана шектелмейді. Исламтану саласындағы кәсіби біліммен қатар, студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесіне, ұлттық құндылықтарды меңгеруіне және қоғамға қызмет ету дағдыларына басымдық беріледі.

Оқу орнының қазіргі инфрақұрылымында оқу кабинеттері, кітапхана, мәжіліс залы, жатақхана, асхана, намаз оқитын бөлме, спорт залы және футбол алаңы қарастырылған. Мұнда 2020 жылы 100 орындық жатақхана пайдалануға берілді. Осылайша бұл орта «ұстаз – шәкірт – тәрбие» қағидасын қазіргі білім беру талаптарымен ұштастыруға мүмкіндік беруде.

«Ғибадулла Тарази» медресе-колледжінің тарихы салыстырмалы түрде қысқа болғанымен, оның нәтижесі айқын. Оқу орны алғашқы түлектерін 2015 жылдан бастап шығара бастаған. Бүгінге дейін 161 түлек білім ордасын тәмамдап, олардың бірқатары Қазақстанның әр өңіріндегі мешіттерде қызмет атқарып келеді.

Бұл жердегі маңызды бір жайт, Тараздың ортағасырлық медреселерінде білім алған шәкірттер өз дәуіріндегі қоғамның рухани сұранысына жауап берсе, бүгінгі «Ғибадулла Тарази» медресе-колледжінің түлектері қазіргі Қазақстан қоғамына қызмет ететін діни мамандар ретінде қалыптасуда. Әрине, қазір заманмен қоса білім беру формасы да өзгерді, оқу бағдарламалары жаңарды. Дегенмен, ұстаздан шәкіртке білім беру, шәкіртті қоғамға қызмет етуге дайындау идеясы сақталды.

Бүгінгі «Ғибадулла Тарази» медресе-колледжін Тараздағы діни білім берудің екі мың жылдық тарихын үздіксіз жалғастырып келе жатқан оқу орны деп тікелей атау дұрыс емес. Өйткені қазіргі медресе-колледж 2012 жылы ашылған. Дегенмен, оны Тараздың ғасырлар бойы

қалыптасқан діни-ағартушылық дәстүрінің заманауи мұрагері әрі жалғастырушысы деуімізге толық негіз бар.

Өйткені көне Таразда мешіттер мен медреселер болғаны археологиялық деректермен расталды. Кейінгі дәуірлерде Әулиеата өңірінде мешіт-медреселер қызмет етіп, дін ғалымдары мен ағартушылар еңбек етті. Ал қазір осы тарихи шаһарда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жүйесіне кіретін заманауи діни білім ордасы жұмыс істеуде. Осы сабақтас-тықты шартты түрде былай көрсетуге болады:

Көне Тараз → ортағасырлық мешіттер мен медреселер → Әулиеата дәуірінің діни-ағартушылық ортасы → Тараз ғұламалары → тәуелсіз Қазақстандағы діни білім жүйесі → «Ғибадулла Тарази» медресе-колледжі. Бұл – ғимараттардың немесе мекемелердің үздіксіз жалғасуы емес, ілімге, ұстаздыққа, руханиятқа және қоғамға қызмет етуге негізделген дәстүрдің сабақтастығы.

Оқу орнының бүгінгі басты міндеті – тек діни ақпарат беретін маман даярлау емес, ұлттық құндылықтарды, дәстүрлі ислам түсінігін және қазіргі қоғам талаптарын меңгерген білікті исламтанушы қалыптастыру. Бұл мақсат білім ошағының қоғамның діни-рухани әлеуетін көтеру және ұлттық руханият пен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстанатын бәсекеге қабілетті исламтану мамандарын даярлауға бағытталған ресми миссиясынан да анық көрінеді. Бүгінде медресе-колледжімізде 16 оқытушы еңбек етеді. Олардың арасында ғылым докторы мен магистрлер де бар. Оқу орнында студенттер діни біліммен қатар қазіргі білім беру стандарттарына сай даярлықтан өтеді.

Қорыта айтқанда, екі мың жылдан астам тарихы бар Тараздың әр дәуірінде білім мен руханияттың өзіндік орны болды. Ортағасырлық медреселерден бастап, Әулиеата кезеңіндегі діни-ағартушылық ошақтарға, одан тәуелсіз Қазақстандағы кәсіби діни білім беру жүйесіне дейінгі жол Тараздың рухани тарихының маңызды бір арнасын құрайды. Ал «Ғибадулла Тарази» медресе-колледжі – сол арнаның бүгінгі жалғасы.



МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз»
газетінің редакциясы» ЖШС

Бас директор –
АЙМАН ТЛЕУКЕЕВА

Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактор –
САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың
орынбасары:
Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер:

Тілшілер:

Жарнама менеджері:

Нөмірдің кезекшісі:

Мұратхан ӘЛІМХАН
Құрбанәлі ШАХАБАЙ
Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ
Арайлым ШАБДЕНОВА
Анель ТОТАБАЕВА
Дариха ҰМБЕТИЯРОВА

Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ

54-66-64

Жансая БАЗАРБАЕВА

Арайлым ШАБДЕНОВА

SMM БӨЛІМІ

Контент-редакторлар:

Жаннұр МУХАНОВА

Ақбота НҮРСЕЙІТҚЫЗЫ

Фото-видео монтаж:

Нұрлан БЕКТҮРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда өңделеді және авторға қайтарылмайды. Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын көшіріп басу үшін редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:
Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»
e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com
Жалпы тиражы: 11 148
Тапсырыс: 490

Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №КЗ87VPY00060446 куәлік 2022 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605

Газет «ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ ӘЛЕМІ» ЖШС-де басылды.
Тараз қ., Төле би, 36 «Б»

Газет мекенжайымызға уақытылы келмесе, мына телефондарға хабарласыңыз:

8 771 088 60 44

8 705 789 70 74